

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ШОЛУ 2026 жылдың II-тоқсаны үшін


Халық депозиттері нарығының даму барысы

2026 жылдың екінші тоқсанында Қазақстанның жеке тұлғаларға тиесілі депозит нарығында бірнеше рекорд орын алды. Сонымен екінші тоқсанда елімізде инфляцияның бәсеңдеуі одан әрі жалғаса түсті. Маусымның қорытындысы бойынша оның көрсеткіші 10,3%-ды құрады (осы үш айдың ішінде 0,7 пайыздық тармаққа (п.т.) азайды)¹. Ұлттық валютамыз – теңгенің нығаюы халық депозиттері үшін маңызды факторға айналды. Инфляцияның бәсеңдеуі және теңгенің нығаюы депозит нарығының көрсеткіштерін кумулятивтік, яғни үдемелі нәтижеге әкелді: депозит базасының абсолюттік көлемі, теңгелік депозиттердің тоқсандық өсімі, долларлану деңгейінің қысқаруы және тұрақты ақшалай қор жинау деңгейі рекордтық мәнге ие болды. Тоқсанның қорытындысы бойынша жеке тұлғаларға тиесілі депозиттердің жалпы көлемі 30,0 трлн теңгеден асты. Яғни, осы үш айдың ішінде 1,9 трлн теңгеге жоғарылады (1-сурет). Бұл дегеніміз депозиттерге кепілдік беру жүйесі жұмыс істеп келе жатқан бүкіл жылдар ішіндегі абсолютті рекорд.


Өткен тоқсан – теңгелік депозиттердің көлемі бойынша да, өсу қарқыны бойынша үздік тоқсандардың біріне айналды. Депозиттердің жалпы көлемі 2-тоқсанда 1,9 трлн теңгеге (+7,0 п.т.), ал жылдық тұрғыда 4,6 трлн теңгеге (18,3 п.т.) өсті (2-сурет). Осы ретте айта кету керек, ұлттық валютадағы депозиттер – өсудің нағыз қозғаушы күшіне айналды. Депозит базасы өсімінің 96,0%-ын осы теңгелік депозиттер қамтамасыз етті. Бұл бүкіл бақылау уақыты барысында теңгелік депозиттік базаның ең ірі абсолюттік өсімі. Бұл екі негізгі фактордың арқасында орын алды: жинақ ақшалар үшін қолайлы ұлттық валюта бағамының қалыптасуы және депозиттер бойынша жоғары сыйақы мөлшерлемелерінің сақталуы. 2025 жылдың қазанынан бастап, 2026 жылдың маусымына дейінгі уақытта базалық мөлшерлеме 18,00% деңгейінде болды, сәйкесінше бұл банктердің салымшылары үшін тартымды жағдай қалыптастырды. Оның үстіне базалық мөлшерлеменің 17,00%-ға дейін төмендеуі мүмкін екендігі туралы секемнің күшейе түскені соншалық, базалық мөлшерлеме төмендетілген соң, банктер сыйақы мөлшерлемелерін азайтқанға дейін салымшылар өздерінің банк шоттарына «ескі» талапшарттар бойынша ақшаларын енгізуге асықты.

Халықтың валюталық салымдары екінші тоқсанның үш айы ішінде өзгеріссіз қалды деуге болады. Өткен тоқсанда азаматтардың шетел валютасындағы салымдарында анау айтқандай өзгеріс бола қойған жоқ: теңгелік баламада болсын немесе долларлық баламада болсын, бұған дейінгі жайғасымдарында қалды (3-сурет). Осы қаралып жатқан кезеңде депозит нарығының өсуіне ешқандай әсер еткен жоқ. Абсолютті тұрғыда валюталық депозиттердегі қалдықтар тек +77,8 млрд теңгеге ғана (+1,3 п.т.) жоғарылады. Валюталық шоттардағы ақшалай қалдықтардың өсуінің үштен екісі валюталық қайта


1-сурет. Халық депозиттерінің көлемі 30 трлн теңгеден асты



2-сурет. Ұлттық валютадағы депозиттер – депозиттердің тоқсандағы өсуінің жалғыз дерлік қозалтқышы



3-сурет. Ұлттық валюта бағамы соңғы үш тоқсанда валюталық депозиттер көлемінің тұрақты болуын қамтамасыз етті



¹ Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/>


бағалаудан тұрады – яғни, өсудің үштен екісі валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты валюталық қаражаттардың теңгелік баламасының артуы есебінен қалыптасты. Осылайша тоқсан ішінде валюталық депозиттердің таза өсімі бар болғаны +25,6 млрд теңгені (+0,4 п.т.) құрады.

Долларлану деңгейі 20,0%-дан төмен түсіп кетті – бұл жаңа тарихи рекорд. 2026 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша жеке тұлғаларға тиесілі банк салымдарының жалпы долларлану деңгейі 1,1 п.т.-қа қысқарды. Ол тарихта тұңғыш рет 20 п.т.-тан да төмен түсіп, 19,8%-ды құрады (4-сурет). Бұл Ұлттық Банктің сонау 2015 жылы бастама көтеріп, қолға алған жұмыстарының нәтижесі. Естеріңізде болса, сол жылдары халықтың валюталық салымдарының үлес салмағы 80%-ға жеткен еді. Дегенмен қазіргі қол жеткізілген нәтижені осымен аяқталды деуге болмайды. Зеттеулерге сәйкес² депозиттерді долларсыздандырудың жемістілігі үш өлшемшарттар бойынша бағаланады: - долларлану 40%-дан асатын деңгейден төмендеді; - долларлану деңгейі 20%-ға дейін және одан да төмен түсті; долларлану деңгейі соңғы бес жыл қатарынан 20%-дық көрсеткіштен төмен болды. Ендеше долларлану деңгейін аталған кезеңде 20%-дан төмен ұстап тұру үшін ірі сегментте³ теңгелік депозиттердің үлесін арттыруды жалғастыру қажет. Өйткені қазіргі уақытта дәл осы ірі сегментте валюталық депозиттер ең жоғары үлеске ие (38,4%). Бұл сегменттің одан әрі долларсыздануы көңіл жұбатарлықтай, өйткені соңғы 3,5 жыл ішінде долларлану деңгейінің ең айтарлықтай төмендегені дәл осы ірі сегменттегі салымшылардың депозиттерінде орын алды (-27,4 п.т.).


Депозиттерді депозиттер бойынша орналастыру құрылымы

Депозит нарығының сегменттік құрылымы баяу өзгеруде, бірақ оның алған бағыты айқындалып келеді – орта сегменттің үлесі арта түсуде. Негізі тоқсандық уақыт кезеңі аясында нарықтың сегменттік құрылымы түбегейлі өзгере қоймайды. Осы жылдың екінші тоқсанында да солай болды: шоттарында 15 млн теңгеге дейін ақшалары бар салымшылар – әлі де халық депозиттері нарығының негізін құраушылар болып қалуда: жалпы депозит нарығында барлық қаражаттың 49,3%-ы осы салымшыларға тиесілі. Теңгелік депозиттер бойынша олардың алар үлесі одан да жоғары – 55,6%. Ал валюталық депозиттерде бұқаралық сегмент көш басында емес. Олардың үлесі – жалпы валюталық қаражаттың 25%-нан төмен (5-а сурет). Осы ретте қазақстандық депозит нарығының соңғы алты жыл ішіндегі сегменттік құрылымын (5-б-сурет) қарастыратын болсақ, орта сегмент үлесінің біртіндеп артып келе жатқандығын байқауға болады. Депозиттердің сегменттер бөлінісіндегі өсу құрылымы да бұл тұжырымды растай түседі (6-сурет). Әдетте орта сегменттің салымшылары бұқаралық сегментпен салыстырғанда қаржы жағынан анағұрлым


4-сурет. Долларлану деңгейі жаңа рекордқа дейін қысқарып, психологиялық шамадан асты



5-а-сурет. Бұқаралық сегмент депозит нарығының негізі болып қала береді



5-б-сурет. Депозит нарығының ішкі даму логикасы біртіндеп орта сегменттің өсуіне әкеп соғуда



² Galindo, A., & Leiderman, L. (2005). Living with Dollarization and the Route to Dedollarization. SSRN Electronic Journal, https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=669582

³ Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер

сауатты және инвестициялау үшін қомақты қаражатқа ие. Сәйкесінше олар қаржы құралдарын аса байыппен, сауаттылықпен таңдайды. Табыстылығы айтарлықтай жоғары және Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының кепілдігімен қорғалатын банк депозиттері мұндай салымшылар үшін тартымды инвестициялық қаржы құралы деуге болады. Орта сегмент үлесінің артуы салымшылардың әл-ауқатының біртіндеп артып келе жатқандығын білдіреді. Демек «қалтасы қалың», дәулетті салымшылар үшін банктер арасында бәсекелік күрес жоспарлы түрде күшейе түспек. Түптеп келгенде осы факторлар орта сегменттің қарқынды өсуіне септігін тигізеді.


Салымдарды мерзімділік өлшемшарты бойынша орналастыру құрылымы

Мерзімді депозиттердің танымалдығының артуы банк жүйесінде тұрақты ақша қорын рекордтық деңгейге жеткізді. Банктер 2025 жылдың соңынан бері мерзімді депозиттердің көлемін белсенді түрде арттырып келеді. 2025 жылдың 01 желтоқсанынан бастап, 2026 жылдың 01 шілдесіне дейінгі жеті ай ішінде олардың көлемі 1,1 трлн теңгеден 5,6 трлн теңгеге дейін бес есеге жоғарылады. Тоқсан ішіндегі өсім 10,5%-ды құрады (+535,2 млрд теңге) (7-сурет). Осылайша мерзімді депозиттердің қарқынды өсуінің арқасында банктерде тұрақты ақша қорының үлесі арта түсті⁴. Оның көрсеткіші жүйе бойынша 30,9%-ға, ал теңгелік салымдар бойынша 39,4%-ға жетті. Тұрақты ақша қорының артуы банк секторын дамытудың оң көрсеткіші болып табылады: бұл банктерге депозиттер есебінен ақша қорын жинау біршама қымбат болып тұрған кезде ресурстық базаның мерзімділігін арттыруға, ал салымшыларға көтеріңкі пайыздық табыс алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге теңгедегі мерзімсіз салымдар тоқсан ішінде 3,2%-ға өсіп, 9,7 трлн теңгеге жетті және әзірге нарықта ең басты депозиттік өнім болып қалуда. Салымдардың көлемі бойынша үшінші орында теңгедегі жинақ салымдар келеді. Оның көлемі 2026 жылдың 2-тоқсанында 7,2%-ға қысқарып, 2,5 трлн теңгені құрады.


Сыйақы мөлшерлемелері

Бүкіл тоқсан барысында депозит нарығында жоғары сыйақы мөлшерлемелері сақталды, маусымда базалық мөлшерлеменің төмендеуі халық депозиттері нарығы үшін басты уақиғаға айналды. Бұл төмендеудің салдары келесі кезеңдерде біртіндеп байқалуы мүмкін, бірақ бұдан депозиттер қысқарады деген сөз емес. Өткен тоқсанның көп бөлігінде жеке тұлғалардың депозиттері бойынша жоғары сыйақы мөлшерлемелері сақталды – кейбір депозиттер бойынша банктер 20,0%-20,5% жылдық табыс ұсынды. Бұл депозит базасының жоғары қарқынмен дамуына айтарлықтай серпін берді. Алайда Ұлттық Банк 5 маусымда базалық мөлшерлеменің деңгейін 1,00 п.т.-қа қысқартып, 17,00% деңгейінде тұрақтандырды. Базалық мөлшерлеме 2025 жылдың қазан айынан бері және 2026 жылы тұңғыш рет төмендетілді. Естеріңізде болса, өткен жылдың соңында ол 18,00%-ды құраған болатын. Ұлттық


6-сурет. Орта сегмент жиынтық жылдық өсім бойынша жеке дара көш басында келеді



7-сурет. Тұрақты ақша қоры екі жыл ішінде үш есеге арты



8-сурет. Мерзімсіз салымдардың табыстылығы 2025 жылдың сәуір-мамыр айларындағы деңгейде сақталды



⁴ Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі мен мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіндегі салымдарды қоспағанда, жеке тұлғалардың теңгеде ашылған депозиттерінің жалпы көлемінде мерзімді және жинақ салымдардың үлесі


Банктің базалық мөлшерлемесі ақшалай қор жасау құнын/депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін анықтау бойынша депозит нарығының барлық қатысушылары үшін негізгі бағыт-бағдар беруші нысана болып табылады. Базалық мөлшерлеменің төмендеуі депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің қысқаруына әкеп соғады. Бірақ бұл бір сәтте орын алмайды: банктерге депозиттер бойынша талапшарттарды қайта қарау үшін біршама уақыт керек. Сәйкесінше депозиттердің табыстылығы біртіндеп ғана төмендейді. Сондықтан Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің өзгеруі мен депозиттер бойынша мөлшерлемелердің төмендеуі арасындағы «мегілдік кешуіл» салымшыларға қаражаттарын депозиттерге «бұрынғы ескі талаптар» бойынша орналастыруға мүмкіндік береді. Осылайша бәсеңдеп жатқан инфляция аясында депозиттік өнімдердің тиімділігі арта түседі деген сөз. Дейтұрғанмен, нарықта мөлшерлемелер екінші тоқсан барысында өзгеріп те үлгерді. Алайда біркелкі емес. Айталық, мерзімсіз депозиттер өзінің табыстылық деңгейінде 2025 жылдың сәуірінен бері өзгеріссіз қалды. Олар бойынша салымшыларға ұсынылатын орташа жылдық табыстылық 15,2%-ды құрайды (8-сурет). Әсіресе толықтыру құқығы бар және жоқ мерзімді және жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер айтарлықтай өзгерді. Толықтыру құқығы бар депозиттік өнімдер санатында ең көп қысқару мерзімі 24 айдан асатын анағұрлым ұзақ мерзімді өнімдер бойынша байқалды: -6,5 п.т. (5,3%-ға дейін), тек мерзімі 6-12 айлық депозиттер де ғана сыйақы мөлшерлемелері аздап өсті: 0,3 п.т. (15,2%-ға дейін) (9-а-сурет). Толықтыру құқығы жоқ депозиттер санатында табыстылықтың ең көп құлдырауы мерзімі 1 айға дейінгі салымдарда байқалды: -0,9 п.т. (17,3%-ға дейін), ал мерзімі 6-12 айлық депозиттер бойынша табыстылық 0,5 п.т.-қа өсті (19,2%-ға дейін) (9-б-сурет).

Базалық мөлшерлеменің төмендеуі Қазақстанның депозит нарығында жағдайдың өзгеруіне әкеп соқты: шілдеде базалық мөлшерлеме тағы да 0,25 п.т.-қа қысқартылды, алайда үрдістің қай бағытта дамидығы әлі де айқын емес.


Дегенмен депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің одан әрі қысқаруы депозит базасының төмендеуіне немесе өсуінің бәсеңдеуіне әкеп соғады деген сөз емес. Банк депозиттері қазақстандықтар үшін ақша жинаудың, оның ішінде ұзақ мерзімге ақша жинаудың негізгі құралы. Қазіргі сәтте халықтың депозиттерінде жинақталған қаражаттың көлемі зейнетақы жүйесіндегі резервтен 11,5%-ға жоғары.

2026 жылдың екінші тоқсанын еліміздің депозит нарығы үшін сөзсіз жемісті тоқсан деп есептеуге болады. Бірнеше көрсеткіштер: депозиттік шоттардағы қалдықтардың көлемі, теңгелік салымдардың абсолютті тұрғыда артуы және тұрақты ақшалай қор жинаудың үлесі тарихи максимумға, ал долларлану деңгейі тарихи минимумға жетті. Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемені төмендетуі себебінен банктер депозиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің мөлшерін қайта қарай бастады. Бұл ретте мөлшерлемелер әрі қарай төмендегеннің өзінде депозит нарығының дамуы бәсеңдемейтіні сөзсіз.

9-сурет. Базалық мөлшерлеменің төмендеуі депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелеріне әсер етуде



* в расчет рыночной ставки не включаются вклады банков, по которым ставки вознаграждения равны или ниже 0,1%. С учетом этого рыночная ставка по стабильным вкладам с правом пополнения со сроком до 1 месяца в большинстве периодов отсутствует, так как в данной категории преобладают займы овернайт со ставкой ниже 0,1%.



10-сурет. Қазақстандықтардың банк шоттарындағы жинақ ақшалары олардың БЖЗҚ-дағы жинақ ақшаларын басып озуда

